

Жоғары білім сапасына жету жолдары

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.09.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/143824/

«№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі» КММ

Директордың оқу жұмысы жөнінде орынбасары

Дюсенова Шамшибану Аманжоловна

«Білім сапасы» термині нені білдіреді?

«Білім беру сапасы-бұл білім беру процесінің әртүрлі қатысушыларының үміттерін, талаптарын қанағаттандыру дәрежесі, басқаша айтқанда, мақсат пен нәтиженің арақатынасы, өлшем және мақсатқа жету жолдары».

Білім беру саласында жұмыс істейтін әрбір адам бірден мектеп қызметінің негізгі көрсеткіштері деп айтатын мәселелер:

- оқушылардың оқу деңгейі;
- олардың білім беруді жалғастыруға дайындығы;
- оқушылардың тәрбие деңгейі;
- балалардың денсаулық жағдайы;
- тұлғалардың қоғам өміріне әлеуметтік бейімделу деңгейі;
- білім беру стандарттарының орындалу деңгейі.

Барлық осы параметрлер бір-бірімен байланысты және бір-бірін толықтырады.

Оқушылардың оқу сапасының көрсеткіші— мектеп қызметінің тиімділігін бағалауда ең негізгі көрсеткіш болып саналады.

Біздің мектепте кешенді мониторинг жүзеге асырылады, оның негізгі кезеңдерінің бірі педагогикалық мониторинг болып табылады — онда білім беру деңгейлері бойынша оқыту мен білім беру сапасын бақылау және талдау жүргізіледі.

Кешенді мониторинг

Мектепшілік бақылау білім беру мекемесіндегі білім сапасын арттыру үшін кешенді мониторингпен бірлесіп үздіксіз жүргізіледі.

ЖББМ мыналарды қамтиды: оқу бағдарламаларының орындалуы, мұғалім жұмысының тиімділігі, оқу іс-әрекеттерінің өзгешелігі және т. б. мектептегі мектепшілік бақылаудың кешенді мониторингі мен жоспары бойынша жүргізілетін іс — шаралар мен жұмыстар; — Оқу жылдары, тоқсандар, пәндер бойынша талдамалық салыстырмалы талдаулар; -сыныптар бейіні бойынша білім сапасы.

Мектебіміздің бірнеше жыл қатарынан білім көрсеткіштері төмендегідей:

	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2021—2022 оқу жылы	2022—2023 оқу жылы
Білім сапасы (%)	89,73%	93,72 %	92,23%	92,5%
Оқушылар саны	1034	1338	1235	1348

Нәтижеге бағытталған білім сапасын, оның нәтижелілігін анықтап, жүйелеуді тиімді бақылаудың инновациялық тәсілі

Мақсаты: 1. оқушының да, оқытушының да білім сапасын, даму деңгейін өзін-өзі бақылауына уәж туғызу;

2. Бақыланушы өзін-өзі жүйелі түрде бақылай отырып, өзіне әділ баға беріп, өзін-өзі дамытуына ықпал жасау;
3. Нәтижеге бағытталған білім сапасын бақылау, мұғалімнің өзін-өзі бақылау, баға беруі ТАБЛОсын толтыру арқылы өзін-өзі бағалау мен бірін-бірі бағалау үйлесімдігін қалыптастыру.

Тәсілді тәжірибеге енгізу, қолдану кезеңдері

1. Оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде бақылау жүйесінің жүйеленген жаңа формасының зерттеу нысандары, әдісі, ерекшеліктерімен таныстыру;
2. Өзін-өзі бағалау критерийлерін талдап түсіндіру;
3. Белгілі мерзім уақытында әр объектінің өзін-өзі бағалау таблосын әділ, сыни тұрғыдан дұрыс толтыруын бақылау;
4. Бірлестік отырысында алынған бағалау көрсеткіштерін бірлесе талқылап, қорытындысын ұсыну;
5. Объектінің өзін-өзі бағалауы, бірлестіктің бағалауы және оқу ісі орынбасарының бағалауынан ортақ шешім шығару, сол арқылы үздік бірлестікті, үздік мұғалімдерді, үздік сыныптарды анықтау.

Мектепте болып жатқан күрделі процестер мұғалімнің, оқушылардың, ата-аналардың,

көшбасшылардың жұмысын бағалау, бағалау және өзін-өзі бағалау нәтижелерін талдаусыз жүре алмайды.

Көрсеткіштер нәтижелерінің таблосын педагогикалық кеңесте ұжымға, мектеп фойесінде әр ата-анамен жеке өткізетін ата-аналар жиналысында көрсетеміз

(Табло қосымшада көрсетілген)

Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі.

Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмысты ұйымдастырудың негізгі көрсеткіштері:

- 1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша білімдеріндегі олқылықтар;
- 2) оқу-танымдық қызметтің қалыптаспаған іскерліктері мен дағдылары;

Шығармашылық топ пән мұғалімімен бірге білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін және білім алушылардың жеке даму траекториясын ескере отырып, пән бойынша білімін толықтыру алгоритмін әзірлейді.

LESSON STUDY бойынша іс-шаралар өткізетін шығармашылық топ сынып оқумен айналысады және кеңес беру сабақтарын өткізеді

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы танымдық тапсырмалар (зерттеу жұмысына бейімделген, әзірленген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; практикаға бағытталған тапсырмалар және т.б.) болып табылады.

Қойылған міндет: пәндер бойынша білім деңгейіне байланысты оқушыларға қосымша сабақтар, кеңестер ұйымдастыру; пәндерді оқыту сапасын бақылау; пәндер бойынша қосымша анықтамалармен қамтамасыз ету.

Пән мұғалімдерімен бірлесіп бір ай бойы белгілі бір пән бойынша (кейбір пәндер-жарты айға жуық) оқушыларға осы дағдыларды қалыптастыру мақсатында кеңестер өткізілді.

Кафедралар бойынша танымдық тапсырмаларды құрастыра отырып, оқушылар оларды айдың соңында орындады. Әр пән бойынша 20 тапсырма.

	оқушы саны	матем	физи-ка	биология	химия	география	Қазақ тілі	ағылшын тілі	Тарих	Орыс тілі	Экономика
8 -сыныптар	76	17	15	19	16	20	17	19	16	20	15
9-сыныптар	51	14	13	17	11	16	19	16	19	19	18

Оқу жетістіктерін талдау нәтижесінде біз Квалиметрия әдісімен оқыту сапасын есептедік. Жалпы мектеп бойынша нәтижелілік

$$НӘТИЖЕЛІЛІК = 336 / 400 * 100\% = 84\%$$

Сыныптар бойынша

$$8\text{-сыныптар} \quad \text{НӘТИЖЕ} = 174 / 200 * 100\% = 87\%$$

$$9\text{-сыныптар} \quad \text{НӘТИЖЕ} = 162 / 200 * 100\% = 81\%$$

Мектеп бойынша бағалар шынайылығы

$$\text{БШ} = 5*11+4*7+3*2 / 5*10+4*10+3*10 * 100\% = 74\%$$

Жақсы орындаған оқушылардың жұмыс деңгейі (ОМИТ - оқу материалын игеру тереңдігі

$$\text{ОМИТ} = 36 / 50 * 100\% = 72\%$$

Білім сапасы – бұл оқушылардың төмендегідей оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижесін сипаттайтын тұтас жиынтық: толықтығы, тереңдігі, тиімділігі, икемділігі, нақтылығы, жалпылануы, жүйелілігі, хабардарлығы, беріктігі.

Бұл көрсеткіш болып жатқан өзгерістерді игере отырып, үнемі жұмыс істеуді қажет ететін үдеріс.

Білім беру сапасының құрамдас бөліктері:

- білім беру салалары бойынша оқушылардың білім алу сапасы;
- оқушылардың жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру сапасы (оқулықпен, мәтінмен жұмыс істеу, жоспар құру, талдау, қорытынды жасау және т. б.);
- оқушылардың тәрбие сапасы (арнайы әдістемелер бойынша қадағаланады);
- оқушылардың жеке басының даму сапасы (эмоционалдылық, ерік-жігер, танымдық қызығушылық, мотивация және т.б.).
- Мектептегі білім беру сапасымен әрдайым айналысатыны анық.
- Алайда, білім өзгеріп отырады, сондықтан құндылықтар мен мақсаттарды жаңа контексте үнемі қайта қарастыру қажет.
- Білім сапасын арттыру үшін:
- оқыту және оқыту процестерін жақсарту;
- әр түрлі әдістер мен технологияларды қолдану;
- оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық тәсілді қолдану;
- Ең негізгісі нәтижеге бағытталған тұйық педагогикалық үдеріс екенін үнемі жадымызда ұстауымыз қажет .

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.